

**Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының  
ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы  
Анықтама**

14 сәуір 2025 жыл.

Шымкент қаласы

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 Оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігерінің 11 сәуір 2025 жылғы №74 бұйрығы негізінде оңалту орталығының қызметіндегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» №4 үлгілік базалық бағытының жобаларын орындау бойынша жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең: 14.04.2024жыл- 26.05.2025 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі: 14.04.2025 жыл – 26.05.2025 жыл.

**Ішкі талдау жүргізу негізі:** Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы және Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-ң 2025 жылғы 11 сәуірдегі " сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" №74 н/қ бұйрығына сәйкес комиссия құрылды.

Комиссия құрамы:

Абилдаева С.М. - комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері: Шаханова Ш.Ж. – дәрігер сарапшы, Ошимова Н.Ж. – бас мейіргер, Бопова Н.Н. – кадр инспекторы, Зайцева И.Х. – экономист.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыты:**

1. Соқтығысумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін анықтау;

2. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

7. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

10. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

**Соқтығысумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында оңалту орталығының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерінде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының «тегін денсаулық сақтаудың кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді және Жарғыны басшылыққа алады, нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Қызметкерлердің бұйрықтарына, лауазымдық нұсқаулықтарына ішкі талдау жүргізу кезінде қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкестік анықталды.

Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Жалпы штат саны орталықта штат кестесіне сәйкес, барлығы -144,75 штат бірлігі бекітілді, оның ішінде: дәрігерлер – 14,25 шт.бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар-14,00). Орташа медициналық қызметкерлер -49 (нақты жұмыспен қамтылғандар- 49). Кіші медициналық персонал- 26,50 (нақты жұмыспен қамтылғандар – 26,50). Педагогтар – 23 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 15). Басқа да қызметкерлер – 34 (нақты жұмыспен қамтылғандар – 33) декреттік демалыста - 28.

2024 жылдың сәуір айы мен 2025 жылдың мамыр айы аралығында - 12 қызметкер жұмысқа қабылданған. Қазіргі таңда Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК - да бос жұмыс орындар жоқ. Мамандарды жұмысқа қабылдау - ішкі бұйрықпен, жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылған. Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электрондық еңбек биржасында орналастырылады ([gordetbol2@mail.ru](mailto:gordetbol2@mail.ru)) ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)). Кадрлардың айналымын талдау 14.04.2024-26.05.2025 жылдар кезеңінде 5% құрайтынын көрсетеді. Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК кадрлардың ауысу себептері әлеуметтік мәселелердің болуы негізінен табылады.

Еңбек тәртібін талдау барысында 14.04.2024-26.05.2025 жылдар аралығында Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-да 9 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылғанымен, қазіргі таңда 6 ай мерзімі өткендіктен, тәртіптік жауапкершілікке тарту бұйрығы жойылған. Кәсіпорын қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тартудың негізгі себептері олардың өздеріне алған функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы болып табылады.

Сондай-ақ қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломы) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ҚР Еңбек кодексінің 32-бабының 2,3-тармақшасына сәйкес кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы,

экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіп алдырады.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК комиссиясы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде соттылығының жоқтығы туралы растайтын құжаттар бар.

**Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-ң бөлімшелерінде мүдделер қақтығысының болуына, басшымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігіне, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының жұмысының үйлесімділігіне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік сатып алу және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434 - V Заңына сәйкес жүзеге асырылады. 2025 жылға арналған №2 Оңалту орталығы Шымкент қаласы бойынша филиал атынан "әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ - мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерге – 561 773996,90 теңгеге шарт жасасты.

- Ағымдағы 2025 жылдың 4 айында – 145835572,73 теңге сомасында қызмет көрсетілді.

Ағымдағы 2025 жылдың 4 айында -"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ –ынан түскен қаражат- 200889094,78 теңге.

Ақылы қызметтер көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірілігінің бұйрығымен бекітілген шарттық негізде көрсетіледі және ақылы медициналық қызметтер шарттық үлгілік нысанна сәйкес көрсетіледі. Ақылы көрсетілетін қызметтер тиісті электрондық порталға енгізіледі. Бекітілген баға прејскураттары оңалту орталығының сайтында орналастырылған. Кәсіпорында мемлекеттік қызметтер «Халық денсаулығы

және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес көрсетеді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингі мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін өрескел бұзу фактілері болмағанын және қызметкерлер мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері байқалмағанын көрсетті. Пациенттерді колдау және ішкі бақылау қызметі ем алушылардың пікірлерін зерделеу үшін сауалнама жүргізіліп тұрады, сауалнамада сыбайлас жемқорлыққа қатысты ақпарат жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жалпы медициналық қызмет көрсету кезінде туындауы мүмкін, яғни пациентті тіркеу және дәрігерге қаралу барысында, анықтамалар алу барысында, науқас баланы емдеуге жатқызғанда, немесе емдеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекеліне алып келуі мүмкін.

**Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

- Оңалту орталығында рұқсат беру немесе келісу функциялары бойынша ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

- Оңалту орталығында бақылау-қадағалау функцияларын асыру кезінде жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

**Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

Оңалту орталығын Республикалық бюджет және бюджеттен тыс қаражат(ақылы қызмет көрсету) арқылы қаржыландырады.

Қаржы-шаруашылық қызметтің талданатын кезеңінде оңалту орталығының 2025 жылға арналған бюджеті – 561773996,90 теңгені құрады, МӘМС тарапынан 2024 жылға түзілген келісім шарт соммасы:

РБ – 457 518 483,16 теңге (оның ішінде КС –298 840 008,3 теңге, АПП – 158 678 474,86 теңге. Ақылы – 2 300 000 теңге. Республикалық бюджет бойынша 2024 жылдың сәуір айынан бастап 2025 жылдың мамыр айына жұмсалған қаражат–519478518,04 теңгені құрайды, оның ішінде: еңбек жалақыға- 3 65074148,52 теңге, коммуналдық шығындарға- 37924895,85 теңге, азық-түлікке- 25579984,45 теңге, дәрі-дәрмекке-8821100,71теңге, ГСМ- 556495,52 теңге, заттармен тауарларға- 9778604,92 теңге, салықтар мен төлемдерге- 49679433,00 теңге, жұмыстармен қызметтерге- 15095264,07 теңге, басқада салықтар (жер,транспорт, мүлік)- 718808,0 теңге, іс-сапар шығындары -

6249783,00 теңге, оңалту орталығы бойынша орташа жалақы- 221954,0теңгені құрайды. Кәсіпорында орташа жалақы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 29.10.2020 жылғы №ҚР ДСМ-170/2020 «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызмет көрсету қағидаларын және үлгілік нысанды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес оңалту орталығы жеке тұлғаларға ақылы медициналық қызмет көрсетеді. Ақылы қызмет түрлері мен баға преysкуранты оңалту орталығының интернет – ресурстарында орналастырылған.

Ақылы қызмет көрсету бойынша бақылау камерасымен жабдықталмаған, терезелері арнайы темір решеткалары орнатылмаған, яғни осы аталған жайттардың өзі сыбайлас жемқорлық тәуекеліне алып келеді.

Алайда, ақылы қызмет көрсету бойынша, яғни белгілі бір ем домға ақы төленетін арнайы орын бөлініп, камерамен жабдықталып, смета жасалынуда, мемлекеттік сатып алу порталына қажетті заттарға өтінім берілуде, жұмыстар жүргізілуде.

**Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

- Заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша ішкі талдау жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу бөліміне мониторинг жүргізілді. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс электрондық форматта мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады «goszakup.gov.kz» «тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандардырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына сай жүргізіледі.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Тауар жеткізу немесе қызмет көрсету мерзімдерін өткізген өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сот шешімдері бар, атап айтқанда кәсіпорын мен «ТехноСервисПро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында шарт жасалып, алайда өнім беруші тарап келісім шартты көрсетілген мерзімде орындамағандықтан, кәсіпорын арызбен сотқа жүгінген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен «ТехноСервисПро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған, кәсіпорынның пайдасына 4 655 теңге тұрақсыздық айыппұл, 140 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот

шығыстары және 1846 теңге мемлекеттік баж өндіру туралы сот шешімі шыққан.

Сонымен қатар кәсіпорын мен жеке кәсіпкер «IKIGAI» Group Аманбек Әсел Сейілқызы арасында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізіліген мемлекеттік сатып алудың қорытындысына сәйкес, 418 000,00 теңге қаржыға тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылғы 25 ақпанда №10 шарт түзілген, алайда өнім беруші тарап келісім шартты көрсетілген мерзімде орындамағандықтан, кәсіпорын арызбен Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жеке кәсіпкер «IKIGAI» Group Аманбек Әсел Сейілқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіруді туралы талап арызбен жүгінген.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өздігінен сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулы шеңберінде және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тендер өткізіледі.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

**Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

- Оңалту орталығы ақпараттық жүйелерді әзірлемейді, бірақ «Damumed» кешенді медициналық ақпараттық жүйесі (КМИС), салық төлеуші кабинеті [salyk.kz](http://salyk.kz), [egov.kz](http://egov.kz), [goszakup.gov.kz](http://goszakup.gov.kz), [eisz.kz](http://eisz.kz), «амбулаториялық-емханалық көмек порталы» АПП, медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі (СУКМУ), «Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі» порталы, «емделуге жатқызу бюросы» порталы (БР), ресурстарды басқару жүйесі (ТБЖ) сияқты мамандандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады.

Алайда, Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

**Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**

Талданатын кезеңде салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша қарыздар жоқ, жеткізушілермен есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек анықталған жоқ. Жеткізушілерге төлем мерзімінде жүргізілді, айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы анықталған жоқ.

**Осылайша,** жоғарыда айтылғандай, сыбайлас жемқорлық тәуекелі Оңалту орталығында келген науқас балаларды тіркеу және дәрігердің қабылдауы, талдаулар тапсыру, олардың нәтижесін алу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалар алу, науқас баланы жатқызу және басқа да жағдайларда қызмет көрсету кезінде орын алу мүмкін.

Бұл ретте, емхана әкімшілігі құқық бұзушылықтардың, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдап, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жұмыс атқарады.

**Баяндалғанның негізінде мынадай ұсыным енгізіледі:**

1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қатысты науқастардың өтініштерін тұрақты негізде ерекше бақылауда ұстау қажет;

2) Кәсіпорын бөлімдерінің қызметкерлері мен басшылар, бекітілген персоналды қызметіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің өздерінің функциональдық міндеттері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы жөніндегі шаралар.


**Комиссия төрайымы:**

Абилдаева С.М.




**Комиссия мүшелері:**

Ш. Ж. Шаханова




Ошимова Н.Ж.



Бопова Н.Н.



Зайцева И.Х.



Танысты:

Шымкент қ. ДСБ-ШЖК "№2 Оңалту орталығы" МКК бас дәрігері

А.О.Сапарғалиева

